

«Бекітемін»

Қазақстан Республикасы Ұлттық  
қауіпсіздік комитеті төрағасының  
орынбасары – Шекара қызметінің  
директоры генерал-майор

 Е. Алдажұманов

2022 жылғы «11» 11



«Бекітемін»

Қазақстан Республикасы Қаржы  
министрлігі Мемлекеттік кірістер  
комитетінің төрағасы

 Д. Жанәлінов

2022 жылғы «08» 11



«Достық» автомобиль өткізу пунктінде

электрондық кезектің автоматтандырылған жүйесін пайдалана отырып,  
Қазақстан Республикасынан шығу кезінде автомобиль көлік құралдарын  
өткізуді ұйымдастырудың уақытша схемасы

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «Достық» автомобиль өткізу пунктінде электрондық кезектің автоматтандырылған жүйесін пайдалана отырып, Қазақстан Республикасынан шығу кезінде автомобиль көлік құралдарын өткізуді ұйымдастырудың уақытша схемасы (бұдан әрі – Уақытша схема) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2013 жылғы 30 қарашадағы № 504 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы адамдарды, көлік құралдарын, жүктерді және тауарларды автомобиль өткізу пункттерінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу жүзеге асырылатын өзге де орындарда өткізуді ұйымдастырудың үлгілік схемасының 7-тармағын ескере отырып, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Е. Жамаубаевтың 2022 жылғы 19 қыркүйектегі № Б-721 хаттамалық тапсырмасының 5-тармағын іске асыру үшін әзірленді және «Достық» автомобиль өткізу пунктінде (бұдан әрі – өткізу пункті) электрондық кезектің автоматтандырылған жүйесін (бұдан әрі – ЭКЖ) пайдалана отырып, Қазақстан Республикасынан шығу кезінде автомобиль көлік құралдарын өткізуді ұйымдастырудың уақытша тәртібін айқындайды.

Уақытша схеманы әзірлеу мен қабылдаудың мақсаты көлік құралдарының, жүктер мен тауарлардың өткізу пунктіне кіру кезектілігін қалыптастыру процесінің айқындығы мен цифрландырылуын қамтамасыз етуге, Қазақстан Республикасынан шығатын көлік құралдарының Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын (бұдан әрі - мемшекара) кесіп өту тәртібін жетілдіруге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының транзиттік-көліктік және экспорттық әлеуетін арттыруға бағытталған ЭКЖ тестілеу болып

табылады.

2. Осы Уақытша схемада пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) ЭКЖ – Қазақстан Республикасынан шығу кезінде автомобиль көлік құралдарының автомобиль өткізу пункттеріне кіру уақытын брондауға арналған бағдарламалық-аппараттық кешен;

2) күту аймағы – өткізу пунктiнiң тәуліктік өткізу мүмкіндігін ескере отырып айқындалатын сыйымдылықпен өткізу пунктiне тікелей жақын орналасқан және ЭКЖ-да тіркелген көлік құралдарын орналастыруға арналған арнайы жабдықталған алаң;

3) тіркеуші – Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын ЭКЖ жұмысын басқаруды, ЭКЖ-ның жұмыс істеуін, оған қолжетімділікті және сүйемелдеуді қамтамасыз ететін заңды тұлға;

4) есептік жазба – ЭКЖ пайдаланушының логині/паролы;

5) пайдаланушы – ЭКЖ пайдаланатын жеке немесе заңды тұлға;

6) брондау – өткізу пунктiне белгілі бір күнде және уақытта келу және кіру үшін жеке немесе заңды тұлғаны және оның көлік құралын СЭО-да тіркеу процесі;

7) әкімші кабинеті – өткізу пунктiнiң аумағында адамдардың, көлік құралдарының, жүктер мен тауарлардың қозғалысын нақты уақыт режимінде қарауды қамтамасыз ететін ЭКЖ-да шекара қызметі және (немесе) мемлекеттік кірістер органдары (бұдан әрі – МКО) лауазымды адамдарының арнайы жеке кабинеті.

Осы Уақытша схемада пайдаланылатын өзге де ұғымдар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес қолданылады.

3. ЭКЖ тестілеу өткізу пунктінде 2022 жылғы 23 қарашадан бастап ЭКЖ тіркеушісі ерікті негізде пайдаланушы келісімін жасаған иелерімен немесе жүргізушілерімен жүк автомобиль көлік құралдарына қатысты жүзеге асырылады.

ЭКЖ тіркеушісінің қызмет көрсетуі өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

4. Қазақстан Республикасынан шығу кезінде адамдардың, көлік құралдарының, жүктер мен тауарлардың өткізу пунктiнiң аумағына кіру тәртібін бақылауды Шекара қызметінің және (немесе) МКО лауазымды адамдары әкімші кабинеті арқылы жүзеге асырады.

5. Өткізу пунктіндегі кеден бекетінің баланс ұстаушысы тиісті аппараттық (инфрақұрылымдық) бөлігінің, оның ішінде бейнекамералардың, шлагбаумдардың, электрондық таблолардың жұмыс істеуін және ЭКЖ-ға қосылуын қамтамасыз етеді.

6. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, тіркеуші, Шекара қызметінің және МКО лауазымды адамдары ЭКЖ жұмыс істеуін қамтамасыз ету нәтижесінде алынған мәліметтерді жария етуге құқылы емес.

7. Өткізу пунктiне көлік құралдарының кіруін ЭКЖ-да тіркеу Қазақстан Республикасы ратификациялаған үкіметаралық келісімдер мен «Автомобиль

көлігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы негізінде жануарларды, тез бұзылатын және қауіпті жүктерді тасымалдау кезінде басым тәртіппен (кезектен тыс) жүзеге асырылады.

## **2-тарау. Электрондық кезектің автоматтандырылған жүйесінде тіркеу және брондау тәртібі**

8. ЭКЖ-да тіркеу жүзеге асырылады (таңдау бойынша):

1) «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес берілетін және пайдаланылатын электрондық-цифрлық қолтаңбаныны (бұдан әрі – ЭЦҚ) қолдана отырып ЭКЖ сайты арқылы;

2) ЭКЖ мобильді қосымшасы арқылы.

ЭКЖ-да тіркеу кезінде пайдаланушы келісіміне қол қойылады.

9. Электрондық кезекті брондау мынадай әрекеттерді:

1) ЭКЖ-да қажетті күн мен уақытты, не бірінші бос уақытты және мемшекарадан кесіп өту үшін болжанатын өткізу пунктiнiң атауын таңдау;

2) көлік құралы үшін сенімді жүргізушілердің санын айқындау;

3) көлік құралы иесінің деректерін көрсету (резидент/бейрезидент, заңды тұлға/жеке тұлға, аты, тегі, Қазақстан Республикасының резиденті үшін – жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі (ЖСН/БСН), бейрезидент үшін – ЖСН/БСН болған кезде);

4) жүргізушінің (жүргізушілердің) (резидент/бейрезидент, аты-жөнін, туған күнін, телефонын, электрондық мекенжайын, жеке басын куәландыратын құжатты, құжатты берген елді, құжаттың нөмірін және оның қолданылу мерзімін) және көлік құралының (тіркелген елі, көліктің нөмірлік белгісі, тіркеменің нөмірлік белгісі, көлік құралының/шассидің сәйкестендіру нөмірі) деректерін көрсетуді көздейді.

Бұл ретте пайдаланушы ЭКЖ-да өзінің дербес деректерін жинауға, сақтауға және өңдеуге өзінің келісімін білдіреді.

10. ЭКЖ-да электрондық кезекті брондау пайдаланушылар енгізетін деректер мен мәліметтер және оларды ішкі істер, цифрлық даму, агроөнеркәсіптік кешен, жеке және заңды тұлғаларды тіркеу, салықтық әкімшілендіру, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы орталық атқарушы органдардың, сондай-ақ басқа да мемлекеттік органдардың, ұлттық операторлардың және «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясының деректерімен және мәліметтерімен, ЭКЖ-ны олардың ақпараттық жүйелерімен интеграциялау жолымен салыстыру негізінде жүзеге асырылады.

11. ЭКЖ:

1) «Заңды тұлғалар» немесе «Жеке тұлғалар» мемлекеттік деректер базасымен ЭКЖ-ның ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде ЭКЖ пайдаланушының есептік жазбасының болуын;

2) «Автомобиль» мемлекеттік деректер базасымен ЭКЖ-нің ақпараттық өзара іс-қимылы арқылы көлік құралын мемлекеттік тіркеудің болуын;

3) «Автомобиль» мемлекеттік деректер базасымен ЭКЖ-нің ақпараттық өзара іс-қимылы арқылы көлік құралына тиісті санаты бар жүргізуші куәліктері бойынша мәліметтердің болуын;

4) ЭКЖ-нің құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының ақпараттық жүйесімен ақпараттық өзара іс-қимылы арқылы жүргізуші мен көлік құралын іздестіру туралы мәліметтің болмауын;

5) ЭКЖ-нің ауыл шаруашылығы техникасының мемлекеттік тізілімімен ақпараттық өзара іс-қимылы арқылы техниканы тіркеудің болуын;

6) ЭКЖ-нің «Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер базасымен ақпараттық өзара іс-қимылы арқылы халықаралық автомобиль тасымалдарына рұқсаттың (рұқсаттардың) болуын;

7) ЭКЖ-нің Деректер бірыңғай сақтандыру базасымен ақпараттық өзара іс-қимылы арқылы көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартының (шарттарының) болуын;

8) ЭКЖ-нің салық төлеушінің кабинетімен ақпараттық өзара іс-қимылы арқылы бюджетке төленетін міндетті төлемдер бойынша салық берешегінің, оның ішінде көлік құралына салынатын салықтың болмауын;

9) ЭКЖ-нің «Әкімшілік өндірістердің бірыңғай тізілімі» деректер базасымен ақпараттық өзара іс-қимылы арқылы жол жүру қағидаларын бұзғаны үшін төленбеген айыппұлдардың болмауын;

10) ЭКЖ-нің Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Мобильдік үкімет» ақпараттық жүйесінің «Цифрлық құжаттар» сервисімен ақпараттық өзара іс-қимылы арқылы цифрлық құжаттардың, оның ішінде жеке басын куәландыратын құжаттардың, жүргізуші куәлігінің, көлік құралын иеленудің болуын;

11) ЭКЖ-нің «BTSD Cloud E-Sign» ақпараттық жүйесімен ақпараттық өзара іс-қимылы арқылы тұлғаның биометриялық сәйкестігін;

12) «Мобильді азаматтар базасында» тіркелген мәліметтердің «Мобильді үкімет» ақпараттық жүйесінің «Мобильді азаматтар базасы» компонентімен ЭКЖ-нің ақпараттық өзара іс-қимылы арқылы жеке тұлғаның телефон нөмірімен сәйкестігін;

13) ЭКЖ-нің Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық операторының («Қазавтожол» акционерлік қоғамының) деректерімен ақпараттық өзара іс-қимылы арқылы Қазақстан Республикасының ақылы жолдары бойынша берешегінің болмауын автоматты түрде тексереді.

12. ЭКЖ енгізген деректерді автоматты түрде тексеруі:

1) осы Уақытша схеманың 11-тармағының 1), 4), 7), 9), 13) тармақшаларында көрсетілген деректермен Қазақстан Республикасының бейрезиденттерге қатысты жүзеге асырылады;

2) осы Уақытша схеманың 11-тармағының 1) - 12) тармақшаларында көрсетілген деректермен Қазақстан Республикасының резидентіне қатысты жүзеге асырылады.

13. ЭКЖ осы Уақытша схеманың 12-тармағында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, осы Уақытша схеманың 11-тармағының 1) - 7) тармақшаларында көрсетілген деректермен пайдаланушының енгізілген деректерін автоматты түрде тексерудің оң нәтижелерінің қорытындылары бойынша пайдаланушыға күні мен болжамды уақытын (уақыт аралығын) көрсете отырып, мемшекара арқылы шығу үшін броньның реттік нөмірін береді.

Осы Уақытша схеманың 11-тармағының 1) - 7) тармақшаларында көрсетілген пайдаланушы енгізген деректер интеграциялық өзара іс-қимыл арқылы расталмаған жағдайда, ЭКЖ пайдаланушыға бронь беруден бас тартады.

ЭКЖ-да брондау бронь беруден бас тарту себептерін жойғаннан кейін мүмкін болады.

14. Көлік құралын ЭКЖ-да тіркеу осы көлік құралы бойынша белсенді бронь болмаған кезде жүзеге асырылады.

15. ЭКЖ-дағы ықтимал брондаулардың саны өткізу пунктінің өткізу мүмкіндігін ескере отырып және күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын кезеңге қалыптастырылады.

### **3-тарау. Электрондық кезектің автоматтандырылған жүйесін пайдалана отырып, өткізу пункті арқылы автомобиль көлік құралдарын өткізу тәртібі**

16. Көлік құралының күту аймағына келу қажеттілігі туралы ақпарат пайдаланушының ЭКЖ-дағы жеке кабинетінде (бұдан әрі – жеке кабинет) ЭКЖ-дағы броньдау күні мен уақытына дейін кемінде 24 (жиырма төрт) сағат бұрын көрсетіледі. Бұл ретте пайдаланушыға қосымша тиісті «push-хабарлама» немесе «СМС-хабарлама» жіберіледі.

17. Қазақстан Республикасынан шыққан кезде өткізу пунктіне кіру көлік құралы ЭКЖ-да тіркелген жағдайда жүзеге асырылады.

Өткізу пунктіне кірген және одан шыққан кезде көлік құралының мемлекеттік тіркеу нөмірінің белгісін бейнекамерамен оқу жүзеге асырылады.

18. Көлік құралының ЭКЖ жұмыс істейтін өткізу пунктіне кіруі, ЭКЖ белгілеген кезектілікке сәйкес күту аймағынан жүзеге асырылады.


19. Күту аймағынан шығу және өткізу пунктіне жіберу үшін көлік құралын шығару ЭКЖ белгілеген кезектілікке сәйкес жүзеге асырылады.

Көлік құралын шақыру туралы ақпарат ЭКЖ жеке кабинетінде жазғы уақытта кемінде 60 (алпыс) минут немесе тиісті күні бронь уақытына дейін қысқы уақытта 120 (жүз жиырма) минут бұрын көрсетіледі, бұл ретте


пайдаланушыға қосымша тиісті «push-хабарлама» немесе «СМС-хабарлама» жіберіледі.

20. Көлік құралы брондаудың белгіленген күні мен уақытында өткізу пунктіне келмеген жағдайда электронды кезек ЭКЖ-да жойылады. Көлік құралы ЭКЖ-да қайта тіркеуден өтеді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық  
қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі  
директорының орынбасары –  
Шекаралық бақылау департаментінің  
бастығы полковник

  
Б. Абсаматов  
2022 жылғы «11» 11

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі  
Мемлекеттік кірістер комитеті  
төрағасының орынбасары

  
К. Жұмағұлов  
2022 жылғы «08» 11

**«Утверждаю»**  
**Заместитель Председателя**  
**Комитета национальной**  
**безопасности**  
**Республики Казахстан –**  
**Директор Пограничной службы**  
**генерал – майор**  
**Е. Алдажуманов**  
**«11» 2022 года**



**«Утверждаю»**  
**Председатель**  
**Комитета государственных доходов**  
**Министерства финансов**  
**Республики Казахстан**  
**Д. Жаналинов**  
**«08» 2022 года**



**Временная схема**  
**организации пропуска автомобильных транспортных средств при выезде**  
**из Республики Казахстан на автомобильном пункте пропуска**  
**«Достык» с использованием автоматизированной системы электронной**  
**очереди**

**Глава 1. Общие положения**

1. Настоящая Временная схема организации пропуска автомобильных транспортных средств при выезде из Республики Казахстан на автомобильном пункте пропуска «Достык» с использованием автоматизированной системы электронной очереди (далее – Временная схема) разработана с учетом пункта 7 Типовой схемы организации пропуска через Государственную границу Республики Казахстан лиц, транспортных средств, грузов и товаров в автомобильных пунктах пропуска, а также иных местах, где осуществляется пропуск через Государственную границу Республики Казахстан, утвержденной приказом Председателя Комитета национальной безопасности Республики Казахстан от 30 ноября 2013 года № 504, а также в реализацию пункта 5 протокольного поручения Заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан – Министра финансов Республики Казахстан Е. Жамаубаева от 19 сентября 2022 года № Б-721 и определяет временный порядок организации пропуска автомобильных транспортных средств при выезде из Республики Казахстан на автомобильном пункте пропуска «Достык» (далее – пункт пропуска) с использованием автоматизированной системы электронной очереди (далее – СЭО).

Целью разработки и принятия настоящей Временной схемы является тестирование СЭО, направленной на обеспечение прозрачности и цифровизации процесса формирования очередности въезда в пункт пропуска транспортных средств, грузов и товаров, совершенствования порядка пересечения Государственной границы Республики Казахстан (далее – госграница) транспортными средствами, выезжающими из Республики Казахстан, а также повышение транзитно-транспортного и

экспортного потенциала Республики Казахстан.

2. Основные понятия, используемые в настоящей Временной схеме:

1) СЭО – программно-аппаратный комплекс, предназначенный для бронирования времени въезда автомобильных транспортных средств в пункте пропуска при выезде из Республики Казахстан;

2) зона ожидания – специально оборудованная площадка, расположенная в непосредственной близости от пункта пропуска с вместимостью, определяемой исходя из суточной пропускной способности пункта пропуска и предназначенная для размещения транспортных средств, зарегистрированных в СЭО;

3) регистратор – юридическое лицо, обеспечивающее управление работой СЭО, обеспечения функционирования, доступа и сопровождения СЭО, которое определяется в соответствии с законодательством Республики Казахстан о государственных закупках;

4) учетная запись – логин/пароль пользователя в СЭО;

5) пользователь – физическое или юридическое лицо, пользующееся СЭО;

6) бронирование – процесс регистрации физического или юридического лица и его транспортного средства в СЭО для прибытия и въезда в пункт пропуска в определенные дату и время;

7) кабинет администратора – специальный личный кабинет должностных лиц Пограничной службы и (или) органов государственных доходов (далее – ОГД) в СЭО, обеспечивающий просмотр в режиме реального времени передвижения лиц, транспортных средств, грузов и товаров на территории пункта пропуска.

Иные понятия, используемые в настоящей Временной схеме, применяются в соответствии с законодательными актами Республики Казахстан.

3. Тестирование СЭО осуществляется на пункте пропуска с 23 ноября 2022 года в отношении грузовых автомобильных транспортных средств, с владельцами или водителями которых на добровольной основе регистратор СЭО заключил пользовательское соглашение.

Оказание услуг регистратором СЭО осуществляется на безвозмездной основе.

4. Контроль порядка въезда на территорию пункта пропуска лиц, транспортных средств, грузов и товаров при выезде из Республики Казахстан осуществляется должностными лицами Пограничной службы и (или) ОГД посредством кабинета администратора.

5. Балансодержатель таможенного поста в пункте пропуска обеспечивает работоспособность и подключение к СЭО соответствующей аппаратной (инфраструктурной) части, в том числе видеокамер, шлагбаумов, электронных табло.

6. Регистратор, должностные лица Пограничной службы и ОГД не вправе разглашать сведения, полученные в результате обеспечения функционирования



СЭО, за исключением случаев, предусмотренных законодательными актами Республики Казахстан.

7. Регистрация въезда транспортных средств в пункт пропуска в СЭО в приоритетном порядке (вне очереди) осуществляется при перевозках животных, скоропортящихся и опасных грузов на основании межправительственных соглашений, ратифицированных Республикой Казахстан и Закона Республики Казахстан «Об автомобильном транспорте».

## **Глава 2. Порядок регистрации и бронирования в автоматизированной системе электронной очереди**

8. Регистрация в СЭО осуществляется (по выбору):

1) через сайт СЭО с применением электронно-цифровой подписи (далее – ЭЦП), выдаваемой и используемой в соответствии с Законом Республики Казахстан «Об электронном документе и электронной цифровой подписи»;

2) через мобильное приложение СЭО.

При регистрации в СЭО подписывается пользовательское соглашение.

9. Бронирование электронной очереди предусматривает следующие действия:

1) выбор в СЭО необходимой даты и времени, либо первого свободного времени и наименования пункта пропуска, предполагаемого для пересечения госграницы;

2) определение количества доверенных водителей для транспортного средства;

3) указание данных владельца транспортного средства (резидент/нерезидент, юридическое лицо/физическое лицо, имя, фамилия, для резидента Республики Казахстан – индивидуальный идентификационный номер/бизнес-идентификационный номер (ИИН/БИН), для нерезидента – ИИН/БИН при наличии);

4) указание данных водителя (водителей) (резидент/нерезидент, имя, фамилия, дата рождения, телефон, электронный адрес, документ, удостоверяющий личность, страна выдачи документа, номер документа и срок его действия) и транспортного средства (страна регистрации, номерной знак транспорта, номерной знак прицепа, идентификационный номер транспортного средства/шасси).

При этом пользователь выражает свое согласие на сбор, хранение и обработку своих персональных данных в СЭО.

10. Бронирование электронной очереди в СЭО осуществляется на основании данных и сведений, вносимых пользователями, и их сопоставления с данными и сведениями центральных исполнительных органов в сфере внутренних дел, цифрового развития, агропромышленного комплекса, регистрации физических и юридических лиц, налогового администрирования,

правовой статистики и специальных учетов, а также других государственных органов, национальных операторов и Государственной корпорации «Правительство для граждан», путем интеграции СЭО с их информационными системами.

11. СЭО автоматически проверяет:

1) наличие учетной записи пользователя СЭО в результате информационного взаимодействия СЭО с государственными базами данных «Юридические лица» или «Физические лица»;

2) наличие государственной регистрации транспортного средства посредством информационного взаимодействия СЭО с государственной базой данных «Автомобиль»;

3) наличие сведений по водительским удостоверениям с соответствующей категорией к транспортному средству посредством информационного взаимодействия СЭО с государственной базой данных «Автомобиль»;

4) отсутствие сведений о розыске водителя и транспортного средства посредством информационного взаимодействия СЭО с информационной системой органов правовой статистики и специальных учетов;

5) наличие регистрации техники посредством информационного взаимодействия СЭО с государственным реестром сельскохозяйственной техники;

6) наличие разрешения (разрешений) на международные автомобильные перевозки посредством информационного взаимодействия СЭО с государственной базой данных «Е-лицензирование»;

7) наличие договора (договоров) страхования гражданско-правовой ответственности владельцев транспортных средств посредством информационного взаимодействия СЭО с Единой страховой базой данных;

8) отсутствие налоговой задолженности по обязательным платежам в бюджет, в том числе налога на транспортное средство посредством информационного взаимодействия СЭО с кабинетом налогоплательщика;

9) отсутствие неоплаченных штрафов за нарушение правил дорожного движения посредством информационного взаимодействия СЭО с базой данных «Единый реестр административных производств»;

10) наличие цифровых документов, в том числе удостоверяющих личность, водительское удостоверение, владение транспортным средством посредством информационного взаимодействия СЭО с сервисом «Цифровые документы» информационной системы «Мобильное правительство» Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан;

11) соответствие биометрической идентификации личности посредством информационного взаимодействия СЭО с информационной системой «BTSD Cloud E-Sign»;

12) соответствие сведений, зарегистрированных в «Базе мобильных граждан», с номером телефона физического лица посредством

информационного взаимодействия СЭО с компонентом «База мобильных граждан» информационной системы «Мобильное правительство»;

13) отсутствие задолженности по платным дорогам Республики Казахстан посредством информационного взаимодействия СЭО с данными национального оператора по управлению автомобильными дорогами Республики Казахстан (Акционерного общества «Казавтожол»).

12. Автоматическая проверка СЭО внесенных данных с данными:

1) указанными в подпунктах 1), 4), 7), 9), 13) пункта 11 настоящей Временной схемы, осуществляется в отношении нерезидентов Республики Казахстан;

2) указанными в подпунктах 1) – 12) пункта 11 настоящей Временной схемы, осуществляется в отношении резидентов Республики Казахстан.

13. СЭО по итогам положительных результатов автоматической проверки внесенных данных пользователя с данными, указанными в подпунктах 1) – 7) пункта 11 настоящей Временной схемы с учетом особенностей, предусмотренных пунктом 12 настоящей Временной схемы, выдает пользователю порядковый номер брони для выезда через госграницу с указанием даты и ориентировочного времени (интервала времени).

При не подтверждении посредством интеграционного взаимодействия внесенных пользователем данных, указанных в подпунктах 1) – 7) пункта 11 настоящей Временной схемы, СЭО отказывает пользователю в выдаче брони.

Бронирование в СЭО возможно после устранения причин отказа в выдаче брони.

14. Регистрация в СЭО транспортного средства осуществляется при отсутствии активной брони по данному транспортному средству.

15. Количество возможных бронирований в СЭО формируется с учетом пропускной способности пункта пропуска и на период, не превышающий 30 (тридцати) календарных дней.

### **Глава 3. Порядок пропуска автомобильных транспортных средств через пункт пропуска с использованием автоматизированной системы электронной очереди**

16. Информация о необходимости прибытия транспортного средства в зону ожидания отображается в личном кабинете пользователя в СЭО (далее – личный кабинет) не менее, чем за 24 (двадцать четыре) часа до даты и времени брони в СЭО. При этом пользователю дополнительно направляется соответствующее «push-уведомление» или «СМС-уведомление».

17. Въезд в пункт пропуска при выезде из Республики Казахстан осуществляется при условии регистрации транспортного средства в СЭО.


При заезде на пункт пропуска и выезде из него осуществляется считывание видеокамерой государственного регистрационного номерного знака транспортного средства.


18. Въезд транспортного средства в пункт пропуска, в котором функционирует СЭО, осуществляется из зоны ожидания в соответствии с очередностью, установленной СЭО.

19. Вызов транспортного средства для выезда из зоны ожидания и направления в пункт пропуска осуществляется в соответствии с очередностью, установленной СЭО.

Информация о вызове транспортного средства отображается в личном кабинете СЭО не менее, чем за 60 (шестьдесят) минут в летнее время или 120 (ста двадцати) минут в зимнее время до времени брони в соответствующую дату, при этом пользователю дополнительно направляется соответствующее «push-уведомление» или «СМС-уведомление».

20. Электронная очередь аннулируется СЭО в случае неприбытия транспортного средства в пункт пропуска в назначенный день и время бронирования. Транспортное средство проходит повторную регистрацию в СЭО.

**Заместитель Директора Пограничной  
службы Комитета национальной  
безопасности  
Республики Казахстан  
– начальник Департамента  
пограничного контроля**  
полковник   
**Б. Абсаматов**  
« 11 » 11 2022 года

**Заместитель Председателя  
Комитета государственных  
доходов Министерства  
финансов  
Республики Казахстан**  
К. Джумагулов   
« 08 » 11 2022 года